

¹Қалшабек А.Б.,* ²Пирниязова А.К., ¹Елтаева Ж.Қ.

¹филолог, ғ.к. доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Шымкент, Қазақстан

²филолог, ғ.к. доцент, Ажинияз атындағы Нүкіс МПИ, Нүкіс, Өзбекстан

¹аға оқытушысы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Шымкент, Қазақстан

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ ТАРИХЫ» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

Автор корреспондент: kalshabek_akjol@inbox.ru

Түйін: Мақалада әлемге әйгілі қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтың «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабының жазылу тарихы сөз болады. Кітап Ленинград қаласында жазылып, 1927 жылы Ташкент қаласында жарық көрген. Бірақ жарық көргеннен кейін кеңестік цензура кітапқа тыйым салып, оны жойды. Кітаптың толық нұсқасы профессор М.Мырзахметұлының редакторлық етуімен 1991 жылы ғана жарық көрді. М.Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты оқулығы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет жазылған оқулық. Кітапта автор қазақ әдебиеті тарихының барлық кезеңін қамтуға тырысқан. Кітаптың хронологиялық ауқымы ауыз әдебиетінен ХХ ғасыр әдебиетіне дейінгі кезеңді қамтиды. Мысалы «Батырлар жыры» бөлімінде ол: Едіге жайлы сөз, Қобланды батыр, Ер Тарғын жайлы қысқа әңгіме, Ер Сайын батыр, Шора батыр, Алпамыс батыр, Қамбар батыр сынды шығармаларды талдайды. Автор өзінің әдеби-тарих шолуын Абаймен бітіреді.

Кілттік сөздері: Әуезов, Қазақ әдебиетінің тарихы, Түркістан, Наркомпрос, Крайком, Досмұхамедов, Трацевский, Колосов, Ташкент, Байдилдин, Мырзахметұлы.

Октябрь төңкерісінен соң түбегейлі өзгеріске түскен қазақ қоғамында аса зәру мәселенің бірі – оқу-ағарту жұмысы болды. Оқу ағарту жұмысы үшін ең керекті – мұғалім, мектеп, оқулық атты үштағанның үшеуі де Қазақстанда тапшы еді. Осы жайды көзге елестету үшін Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасы (Түркістан АКСР-і) Түркістан халық-ағарту комиссариатында өткен бір жиыннан мысал келтірейік. Жиын 1922 жылы 16 мизамда өткен. Осы жиында Халел Досмұхамедов «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама» жасайды. Онда ол: «Қырғыз-қазақ білім комиссиясы, 1921 жылдың басында Түркістан халық-ағарту Комиссариатының жанында ашылған. Комиссияның мақсаты қазақ-қырғыз мектептері үшін оқу кітаптарын даярлау. Қазақ-қырғыздың халық әдебиетін жинау, білім әдебиетін көркейту. Сол секілді, мәдениет жұмысын ұлғайту болды» дейді (1). Х.Досмұхамедов сол кезде осы комиссияның басқарушысы болған. Комиссияның ең маңызды жұмыстарының бірі жаңа ашылып жатқан қазақ мектептеріне оқу құралдарын шығару болған. Оған дәлел мынау үзінді: «Комиссия құрылғанынан бері қарата, төменгі кітаптарды тасқа басуға берді:

- 1) А.Байтұрсынов. «Әліппе» басылып шықты.
- 2) А.Байтұрсынов. «Тіл құралы» бірінші бөлім басылып шықты.
- 3) А.Байтұрсынов. «Тіл құрал» екінші бөлім басылып шықты.
- 4) А.Байтұрсынов. «Баяншы» басылып шықты.
- 5) М.Дулатов. «Есеп құрал» бірінші бөлімі басылып шықты.
- 6) М.Дулатов. «Есеп құрал» екінші бөлім басылып шықты.
- 7) «Кеспе Әліпбе» бір бөлегі басылып шықты. Бір бөлігі қалың қағаз жоқтан басылмай тұр.
- 8) И.Тоқтыбаев. «Жағрафия сөзі». Басылып болды, хариталар басылып жатыр.
- 9) И.Тоқтыбаев. «Түркістан» тізіліп бітуге жақындады
- 10) Басығарин. «Күн күркіреумен найзағай не нәрсе тізілген жоқ».
- 11) Х.Досмұхамедов. «Табиғат тану» сөзі басылып бітті. Суреттер басылып жатыр.
- 12) Х.Досмұхамедов. «Жануралар» бірінші бөлім тізіліп бітті. Жуық арада басылса керек.
- 13) Х.Досмұхамедов. «Жануралар» екінші бөлім тізіліп бітуге жақындады.

14) Ф.Ғалымжанов. «1922-нші жылдың қазақша календары» шықты.

15) Ә.Диваев материалдарынан батырлар:

1.«Қарақыпшақ Қобыланды».

2.«Нароғлы Шора».

3.«Бекет батыр».

4.«Қамбар батыр».

5.«Шора батыр».

6.«Мырза Едіге батыр».

7.«Алпамыс батыр».

Батырлар жеті кітап. Бәрі де басылып шықты.

16) Диваев материалдарынан бір терме кітап жаңалықта берілді. Әлі басуға алынған жоқ.

17) Ыбырайдың, Абай Құнанбаевтың таңдама өлеңдері жуық арада шапшаңдықпен басылса керек.

Бұл кітаптардың жоғарыда он екісі 1921-нші жылы қаралып, баспаға берілді. Қалғандары, 1922-нші жылы баспаға берілді.

Қазіргі күнде, қазақ-қырғыз білім комиссиясында тек екі адам бар: Төбеағасы Досмұхамедов, мүшесі Ә.Диваев. Білімді хатшысы: У.Омаров өткен майда шығып кеткен еді» (Сонда, 48-49 б).

Бұл мәліметтер төңкерістен кейінгі қызу жүргізіліп жатқан жаңа заманның оқу-ағарту саласының анық кейпін аңғартады. М.Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты оқулығы осындай зор дүрбелең тұсындағы тарихи-қоғамдық сұраныстан туған дүние. М.Әуезов өзі жоғарыда аты аталған білім комиссиясының елеулі мүшелерінің бірі болған. Ол да аға буын өкілдерінің ізін баса сол кездегі санаулы ғана оқыған азаматтардың бірі ретінде оқулық жазуға кіріскен болатын. Оқулық 1925 жылы Ленинград университетінде оқып жүрген кезінде жазылған. Бәлкім басы Ташкентте басталған болуы керек. Біздің қолымызда оқулықтың жайынан мол мағлұмат беретін екі құжат бар. Соны келтіргенді жөн көреміз:

История опубликования «История казахской литературы», 1928 г.

НАРКОМПРОС
КРАЙКОМУ

По данным ликвидкома в г.Ташкенте на складах ГПУ находятся принадлежащие Казгизу 10000 экз. Книги Ауэзова «История казахской литерат уры».

Так как книга эта, по мнению Ликвидкома, нуждается только в соответствующем предисловии, после чего может быть выпущена в продажу, то просим пересмотреть вопрос о наложении ареста на книгу с условием снабжения ее соответствующим предисловием и допустить ее к продаже.

Председатель Ликвидкома: (Трацевский)

Гл. Бухгалтер: (Колосов) (2)

Бұл құжаттың мәні М.Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығы 1927 жылы баспадан шыққан соң (Ташкенттен шыққан сияқты, біреулер Қызылордадан шыққан дейді) таратуға рұқсат берілмей, қамауға алынып (арест) Казгиз-дің қоймасында жатып қалған. Бұл оқиғаның мәнісін ашыңқырау үшін М.Әуезовтың крайкомға жазған арызын келтіреміз:

АПО Крайкома ВКП(б)
от автора книги «История
казахской литературы»
Ауэзова Мухтара

Заявление

Весной 1927 г. был закончен печатанием, в г. Ташкенте мой труд по истории казахской литературы представленный в издательстве в списке учебных пособий и подсобных трудов Казнаркомпроса. Объектом исследования, анализа в этом труде было выбрано мной главным образом казахское устное творчество и ранний период индивидуального творчества. Предлагая вниманию Наркомпроса свой начальный опыт системизации образцов духовной культуры казахского народа, я был в полной уверенности в отношении появления его печати, помимо оригинальности труда еще ввиду актуальности всей тематики его, ввиду ощущаемой острой нужды во всех казахских школах в подобных трудах, а также ввиду крайней нужды у казахских мугалимов, хотя бы даже в качестве подсобного, ориентировочного материала.

В данное время я имею полное основание утверждать о большом интересе к таким исследованиям, о сугубой нужде в них не только среди мугалимов или в школах низшего, среднего шагов, но имеют потребность в них учебные заведения повышенного типа. Характерна в этом случае настойчивая просьба в течение последних лет и Ленинградского Восточного Института, просьба перед Казгосиздатом выслать несколько экземпляров даже после задержки этой книги, против мотивирования отсутствием подобных на русском и казахском языках, так как тюркология, имеющая вообще много пробелов, вовлекая, молодея, только начинает исследования нации и не имеет еще аналогичных моментов, опытов историко-литературного исследования казахского устного и индивидуального творчества.

С подобной же нуждой столкнулись и казахские молодые силы, взявшиеся за литературоведение в Ташкентском Педвузе.

Приводя все эти факты, я отнюдь не претендую на абсолютную научность, безупречность во всех смыслах своего труда, так как это есть только начальный опыт и написан года 3-4 назад. С тех пор в отношении методологических принципов исследования у меня произошли весьма, существенные перемены во взглядах.

Теперь я сторонник социально-политического метода исследования литературы. Тогда применял смешанные методы и, главным образом, придерживался метода культурно-исторического.

Но делая эти оговорки, я все же считаю необходимым появление в свет этого труда, ввиду совершенного отсутствия опыта, хотя бы в качестве материала к истории казахской литературы, как подсобного материала к новым исследованиям и, наконец как начального опыта, на ошибках которого должно создаваться новое, более выдержанное в методологическом отношении, более наукообразное.

Разве не принесут пользу для марксистского литературоведения труды Пыжина, Синявского своими политическими сведениями, хотя почти каждая страница их трудов полна упоминаниями о Боге и Царе.

По мнению литературоведов всех толков, считается бесспорно установленной возможность создания истории литературы каждой народности, только силами представителей этих же народов.

А если взять казахскую литературу, то помимо приведенной общей предпосылки, фактически мы не знаем ни одного европейца ученого, который посвятил бы себя историко-литературному изучению казахского словесного творчества. Также мало опыта и у самих казахов. Поэтому если не в качестве учебника, то, по крайней мере, как литературный труд – должен был бы увидеть свет по одному тому, что из всего прошлого казахского народа наиболее богато представленной, единственно заслуживающей внимания областью духовной культуры, является только его словесное творчество. А познать и изучить это прошлое является важнейшей исторической задачей нашей современности.

Между тем, указанная книга, при вполне готовом к распространению виде, уже целый год лежит в складе Казгиза при полной неизвестности, появится она в свет или нет. По

поводу этого труда в АПО имеется заключение тов. Байдильдина, где он считает невозможным выпуск в свет при настоящем виде. Насколько мне известно из бесед с ним, он требует изменения названия, заменив настоящий заголовок «История казахской литературы» – «Материалы к истории», и считает необходимым исправить мое вступление, одновременно находит необходимым снабдить марксистским предисловием. Совещание ответработников казахов, созданное под председательством тов. Джангильдина в 1927 г. в АПО, кажется, высказалась в большинстве своем за выпуск ее с предисловием без изменения заглавия, так как в историко-литературных исследованиях вообще не практикуется обозначение «материалами» подобных чисто историко-литературных трудов.

Но мнение совещания, кажется, не зафиксировано, и дальнейшего движения в этом вопросе не было. С тех пор прошел год. Еще никто из наших работников не взялся за составление предисловия. А по положению, задержанные книги в складе сохраняются только в течение 3-х лет. Потом сжигается.

Доводя обо всем этом до сведения АПО, прошу поставить вопрос об этой книге на новое обсуждение и выделить товарища с категорическим поручением написать необходимые предисловие и тем самым дать возможность появления ее в свет.

Ауезов.
06.06.28. (3)

Жазушының Крайкомға жазған өтінішінде «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының хал-жағдайы туралы біраз мағлұматтар бар. Оқулық казнаркомпростың тапсырмасымен жазылғаны айтады. Және автор оқулықтың міндетті түрде жарық көретініне және оның өте зәру дүние екендігіне еш күмәнсіз болғанын айтады. Себебі сол заманда қазақ халқының әдебиеті жайлы оқулық жоқтың қасы еді. Ол оқулық төменгі, ортаңғы және жоғары оқу орындары үшін қажет болатын. Тіпті Петербург Шығыс Институты да бұл оқулықтан құлағдар болып, оны өздеріне алғысы келетінін айтқан. Бірақ, осындай кезде Ташкент қаласында 10000 тиражбен жарық көрген кітап аяқ астынан ликвидкомның қамауына түседі. Себебін М.Әуезов толық, анық білем деп айтпайды. Бір білетіні А.Байдилдиннің АПО тарапынан эксперт ретінде оқулық жайлы төрелік айтқаны. А.Байдилдиннің М.Әуезов оқулығына ескертпелері: жазушының беташар сөзін өзгертуі керек; оқулыққа маркстік алғысөз жазылуы керек; одан соң оқулық аты «Қазақ әдебиетінің тарихы» деп емес, «Қазақ тарихына қатысты материалдар» деп өзгертілуі керек деген. Бірақ жазушының айтуы бойынша А.Байдилдиннің бұл талаптары негізсіз деп айтқысы келетін сияқты, өйткені 1927 жылғы Жангелдиннің басшылығымен өткен АПО жиналысында көпшілік дауыспен оқулыққа алғысөз жазылып, бірақ тақырбы өзгермей шыққаны дұрыс деген шешімнің шыққаны туралы айтады. М.Әуезовтың оқулық туралы ақтап айтқан пікірлерінен бөлек тағы өзінің бірқатар кемшіліктерін теріп айтатын жерлері бар. Соның маңызды бірі ретінде жазушы бұл еңбекті мінсіз деп санамайтынын және оқулықтың осыдан 3-4 жыл бұрын жазылғанын айтады. Осы аз уақытта жазушы өзінің көзқарастары өзгергенін келтіреді. Мысалы, ол бұрын яғни осы оқулықты жазғанда өзінің мәдени-тарихи әдісті қолданғанын, ал қазір әлеуметтік-саяси әдісті ұстанатынын айтады. Бірақ өзі жазған оқулықтың толыққанды оқулық шарттарына жауап бермейтінін, олай болу себебі бірақ заңды екенін өйткені, авторда, жалпы қазақ әдебиеттану саласында бұндай тәжірбиенің болмағанын айтады. Сонымен бірге оқулықтың қажет болатын себебі оның оқулық ретінде жарамсыз болса да, оқулыққа қосымша материал, көмекші құрал ретінде қажетке жарайтынын айтады. Өзін ақтайтын тағы бір дәлел ретінде Пыжин, Синявский сияқты ғалымдардың еңбектерін айтып, олардың еңбектерінің әрбір беті Құдай, Патша деген сөздермен тола екендігін келтіреді. Осы сөздерге қарап, М.Әуезовке осы оқулықты жазу барысында қандай айыптар тағылғанын, және неге оның қамауға алынған аңдауға болады. Ең басты себеп – идеологиялық көзқараста жатыр. Оқулық жазылған кездерде М.Әуезов қаны тамған кеңестік жазушы яки зерттеуші емес еді. Ол ұлттық ұстанымдарды ұстанған, ешқандай кеңестік кеңестік цензураның қабағына бағып шығармалар жазбаған

болатын. Арада аз уақытта көп өзгерістер болып өтті. Большевиктер 20-жылдардың аяғына қарай идеялық монополияға ие болып, батыл қадамдар жасап жатқан болатын. Енді тек репрессия машинасын іске қосуды қамдап жатқан сәт еді. Ақыры, М.Әуезовтің бұл өтініш аяқсыз қалды. Ливидкомның қоймасында жатқан «Қазақ әдебиетінің тарихы» жарыққа шыққанмен, таратылмай жойылды. Яғни, бесігінде тұншықтырылды. 1930 жылы М.Әуезовтың өзі Ташкент қаласында қамауға алынды. Оқулыққа пікір жазған А.Байдилдин 1930 жылы ОГПУ-дің құрығына ілініп, атылып кетті. Содан бұл оқулыққа тарих бетінен мүлде жоғалып кету қаупі төнді. Тек атақты жазушы Ғ.Мүсіреповтың архивінде сақталған жалғыз дана кітаптың арқасында бұл еңбек болашаққа жетті. Кеңес дәуірінде Ғ.Мүсірепов бұл кітапты өз кітапханасында оның мұқабасын алып тастап, басқа бір орыс тілінде жазылған кітаптың ішіне салып сақтапты. 1927 жылдан кейін оқулықтың қашан, қалай жарық көргені туралы абайтанушы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы былай дейді. «Әрине, Мұхтар Әуезовтың жиырма томдық шығармалар жинағының 16-томында (Алматы, 1985) алғаш рет жарық көрген осы оқулығын жұртшылық қауым жылы қабылдады. Бірақ қазақ әдебиеті тарихының тұңғыш оқулығы ретіндегі бұл еңбек тұтас қалпында жарияланбай, үштен бір бөлігі қысқартылып тасталды, тіпті кейде тұтас күйінде жіберілді деген тарауларының өзінен көптеген сөйлемдер мен кейбір әлеуметтік астары өткір пікірлері жұмаланып, оның орнына көп нүктелер қойлып берілді. Батырлар жыры: Едіге, Ер Сайын, Шора батыр жырлары тұтас күйінде алынып қалса, кейбіреулері мүлде қысқарып кетті. Ал тарихи жырлар бөліміндегі Нысанбай ақын шығармасы түгел алынып тасталды, немесе т.б. туындылар үлкен қысқартулармен жіберілді.

Ал «Зар заман ақындары» деп аталатын соңғы тарау тіпті өз тақырыбы бойынша берілмей, ол шартты түрде «XVIII-XIX ғасыр ақындары» деген тақырппен ауыстырылып, бүркемеленді, яғни автор еркіне көрер көзге қиянат жасалды. Көп жағдайда Россия империясының қазақ жерін асықпай отарлаудағы саясатын әшкере ететін өлең шумақтары да қысқартылып жіберілді. Сөйтіп «Әдебиет тарихымен» алғаш рет танысып отырған жаңа ұрпақ – жас қауымның автор ойының өзекті тұстарын бар болмысымен танып, білуіне кедергі жасады» (3).

Айта кету керек, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» ақыры қаншама кедергілерден өтіп, толық күйінде профессор М.Мырзахметұлының редакторлығымен 1991 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Х.Досмұхамедов. Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама. Алматы, Шолпан, Ан-Арыс, 2010, 44-49 б.
- 2.Научно-педагогическая деятельность. 20-годы // Неизвестное в наследии Мухтар Ауэзова. Архивные материалы. Алматы, Издательский дом «Библиотека Олжаса», 2013, 76 с.
- 3.АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д.2275 // Неизвестное в наследии Мухтар Ауэзова, 77-79 с.
- 4.Мырзахметов М. Түсініктеме. Мұхтар Әуезов. Әдебиет тарихы, Алматы, Ана тілі, 1991, 236-237 б.

Аннотация: И статья рассматривается история написания книги известного во всем мире казахского писателя Мухтар Ауэзова «История казахской литературы». Книга было написано в городе Ленинграде, опубликовано в городе Ташкенте 1927. Но после опубликование ее советская цензура ликвидировала. В полном варианте книга было опубликовано только 1991 году под редакторством профессора М.Мырзахметұлы. Книга М. Ауэзова «История казахской литературы» является первым учебником написанной в сфере историй казахской литературы. В книге автор постарался охватит весь промежуток историй казахской литературы. Начиная от устной литературы до XX века. Например в разделе «Геройчески эпос» М.Ауэзов рассматривает следующие произведения: Рассказ о Едиге, Кобланды батыр, кратки рассказ о Ер Таргине, Ер Саин батыр, Шора батыр, Алпамыс батыр, Камбар батыр. И заканчивает свой литературно-исторический экскурс с Абаем.

Ключевые слова: Ауэзов, История казахской литературы, Туркестан, Наркомпрос, Крайком, Досмухамедов, Трацевский, Колосов, Ташкент, Байдилдин, Мырзахметулы.

Abstract: The article discusses the history of writing the book "The History of Kazakh literature" by world-famous Kazakh writer Mukhtar Auezov. The book was written in the city of Leningrad, and it was published in city Tashkent in 1927. But after publication, it was eliminated by Soviet censorship. The full version of the book was published only in 1991 under the editorship of Professor M. Myrzakhmetula. The book "History of Kazakh literature" by M. Auezov's is the first textbook written in the field of history of Kazakh literature. In this book the author attempted to cover the entire period of the history of Kazakh literature starting from oral literature to the twentieth century. For instance, in the section "Heroic epic", M. Auezov considers the following works such as Story about Yedige, Koblandy Batyr, a short story about Er Targin, Er Sain Batyr, Shora Batyr, Alpamys Batyr, Kambar Batyr. Finally his literary and historical excursion ends with Abay.

One group of emigrants consists of prisoners during the war. Mazhit Aitbayev is the one who was among them. He was a member of the "Turkestan national unity Committee" and the editor-in-chief of "Milli adabiet" (National literature). In 1943 he published a book about Abylaikhan in Berlin. Khalifa Altay was an emigrant of another wave. He lived in Turkey. In 1991, he published Kazakh version of the Koran for the first time.

Keywords: Auezov, History of Kazakh literature, Turkestan, Narkompos, Kraikom, Dosmuhamedov, Tracevski, Kolosov, Tashkent, Baidildin, Murzahmetuli.